

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 907 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Клиринг палаталарының күнделікті есеп жасау және беру ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 3 шілдедегі N 158 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 123 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 19 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2283. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 266 Қаулысымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Клиринг ұйымдарының есеп беру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Клиринг палаталарының күнделікті есеп жасау және беру ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 3 шілдедегі N 158 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 907 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1999 жылғы 27 қыркүйек - 10 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

атауындағы және одан әрі мәтін бойынша "палаталары", "палаталарының" деген сөздер тиісінше "ұйымдары", "ұйымдарының" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг палаталарының күнделікті есеп жасау және беру ережесінде (бұдан әрі - Ереже):

Ереженің атауындағы және одан әрі мәтін бойынша "палаталары", "палатасы", "палатасының", "палатасына", "палатасын", "палаталарының" деген сөздер тиісінше "ұйымдары", "ұйымы", "ұйымының", "ұйымына", "ұйымын", "ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы мемлекеттік тілдегі мәтінде "күнделікті" деген сөзден кейін "Ұлттық Банк айқындаған" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақ алынып тасталсын;

13-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.10.1995 ж. N 177 қаулысымен бекітілген Ұлттық Банк бөлімшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктері арасында электронды төлемдермен алмасқан кезде бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесін қолдану тәртібі туралы нұсқаулыққа" деген сөздер "Ұлттық Банктің бөлімшелері мен электрондық құжаттармен алмасуға қатысатын ұйымдар өзара электрондық құжаттармен алмасқан кезде бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесін пайдалану тәртібін айқындайтын Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтағы "бағдарламалық қамсыздандыру" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

Ережеге N 1, 2 қосымшалардағы "палаталарының", "палатасы" деген сөздер "ұйымдарының", "ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және клиринг ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Б.Жәмішевке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы